



ЖЕТІСУ шұғыласты

№41 (8929)
жұма 14 қазан
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммиті басталды.

Қазақстан Президенті өз сөзінде саммитке қатысушы мемлекеттердің басшыларына ризашылығын білдіріп, бұл Кеңесті құру туралы бастаманың көтерілгеніне 30 жыл толып отырғанын атап өтті. Осы кезеңде АӨСШК көпжақты ынтымақтастық платформасына және халықаралық заманауи дипломатия институтына айналды. Мемлекет басшысы ұйымға мүше мемлекеттердің қатарына кірген Кувейтті арнайы құттықтады.

Сонымен қатар әлемдегі геосаяси жағдайға ерекше назар аударды.

– Бүгін біз бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен әлемдік экономикадағы күшейе түскен дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Бұл құбылыс қазірдің өзінде «жаһандық дисфункция» деп аталды. АӨСШК-тің бұған дейінгі 2019 жылы өткен саммитінен бері әлемдік қоғамдастық ауыр сынақтарды бастан өткерді. Оның салдары жаһандық дамуға әлі де әсер етіп отыр. Менің ойымша, біздің алдымызда тұрған ерекше маңызды міндет – туындаған зор қауіп-қатерлер жағдайында халықаралық қатынастардағы тұрақтылыққа қол жеткізу. Көпжақты механизмдерге тың серпін беру және ашық диалогқа оралу аса маңызды, – деді Қазақстан Президенті.

Оның айтуынша, Азия адамзат

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АӨСШК-ТІҢ VI САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



өркениетінің дамуына зор үлес қосты. Мыңдаған жылдар бойы біздің макроөңірдегі мемлекеттер бүкіл адамзаттың қоғамдық, мәдени, технологиялық дамуының негізгі қозғаушы күші болды.

– XXI ғасыр Азия ғасыры болады деген болжам бүгінде шындыққа айналды. Азия номиналды жалпы ішкі өнім мен сатып алу мүмкіндігі бойынша әлемдік экономикалық көшбасшы ретінде мойындалды. Аймақ айтарлықтай адам және табиғи ресурстарға ие. Әлемдегі ең ірі 30 қаланың 21-і Азияда

орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың қажетіне жұмсалатын 30 триллион доллардың тек 1 триллион доллары батыс экономикасына тиесілі болмақ. Дегенмен Азияның болашағы мәдениеттер, дәстүрлер мен дүниетанымдар арасындағы диалогты нығайтуға ұжымдық дайындығымызға байланысты. АӨСШК-ті дамыту үшін қабылданған қадамдар осы мақсатқа сай келетініне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде

АӨСШК аясындағы үдерісті одан әрі ілгерілетуге бағытталған күш-жігерді арттыру міндетін өзіне алып отыр. Былтыр АӨСШК-тің сенім шараларының каталогы қайта қаралды. Оған эпидемиологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау және фармацевтика, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қауіпсіздігі сияқты ынтымақтастықтың жаңа басым бағыттары енгізілді.

– АӨСШК-тің талдау орталықтарының форумы Азияның түпкір-түпкірінен келген сарапшылар мен мамандарға тәжірибе, идея

алмасу және бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін әмбебап платформа болады. Биыл Астанада АӨСШК-тің Іскерлік кеңесі мен Бизнес форумы, сондай-ақ АӨСШК Жастар кеңесінің бесінші отырысы өтті. Бүгін АӨСШК Қоры құрылады. Оның мақсаты – АӨСШК жобаларын іріктеуге және оларды жүзеге асыруға ерікті түрде қаражат жинаудың арнайы тетіктерін қалыптастыру. Сондай-ақ бақылаушылар мен серіктестердің саны артып келеді. Түрікменстан АӨСШК-ке бақылаушы ел ретінде қосылды. Еуразиялық экономикалық одақпен және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығымен (АСЕАН) ынтымақтастық орнату туралы шешім қабылданды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан өзінің төрағалығы кезінде АӨСШК-ны толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруға негізделген бірқатар маңызды басымдықты іске асыруды көздеді.

– Саяси диалогтың аймақтық платформасы ретінде АӨСШК-тің кемелдігі мен тиімділігі оны одан әрі трансформациялаудың бастауы болмақ. Мүше мемлекеттер қазірдің өзінде АӨСШК-тің іс-жүзінде ұйым ретінде жұмыс істеп жатқанын бірнеше рет талқылады және солай екеніне келіседі. Біз жаңа ұйым құрмайтынымызды, керісінше институционалды дамудың жаңа кезеңіне өтіп жатқанымызды атап өткіміз келеді.

2-бет

ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫССЫЗДАРҒА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ХАБАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ВАКАНСИЯЛАР ҰСЫНУ ЖОСПАРЛАНУДА



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында халықты жұмыспен қамту мәселелері қаралды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова соңғы жылдары қазақстандық еңбек нарығында жұмыс күші айтарлықтай өскенін хабарлады. Мәселен, 2016-2020 жылдары бұл көрсеткіш орта есеппен

36,4 мың адамды құраса, 2021 жылы 76 мыңға жетті. Бұл жағдай, ең алдымен, 2000-шы жылдардан бастап дүниеге келген жастардың еңбек нарығына қосылуына байланысты болып отыр.

Қазіргі уақытта жұмыспен қамтуды кеңейту және жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыру жөніндегі жұмыс Ұлттық жобалар мен басқа да мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жүргізіліп

жатыр. Атап айтқанда, кәсіпкерлікті дамыту бойынша Ұлттық жобалар, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» және АӨК дамыту бойынша Ұлттық жобалары оң нәтиже көрсетуде. Бұдан басқа, барлық өңірлер Мемлекет басшының 10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру жөніндегі тапсырмасын іске асыру шеңберінде жоспарды асыра орындады.

2-бет

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІ ЖЕТІСУЛЫҚ ШАРУАЛАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ТІЛЕКТЕРІН ТЫҢДАП, САУАЛДАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ

Бүгін Жетісу облысына жұмыс сапарымен Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев келді. Сапар барысында министр өңірдегі бірқатар егіншілікпен және мал өсірумен айналысатын шаруашылықтардың жұмысымен танысып, Көксу қант зауытында болды. Сол сияқты облыс әкімі Бейбіт Исабаевпен бірге өңірдегі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен кездесіп, оларды толғандырған сауалдарға жауап берді, деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Балпық би кентіндегі Мәдениет

үйінде өткен кездесу барысында Ауыл шаруашылығы министрі Үкімет пен министрлік қабылдаған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың бірқатар жүйелі және дағдарысқа қарсы жедел шаралар туралы баяндап берді. Оның айтуынша, Жетісу аймағының агроөнеркәсіптік кешенінде 2025 жылға дейін 31,9 млрд. теңге сомасына 67 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Соның басым бөлігі мал және өсімдік шаруашылығында қолға алынады. Бүгінгі таңда «Кең дала» бағдарламасы шеңберінде, сондай-ақ «Аграрлық несиелік корпорациясы» өз қаражаты есебінен

115,9 млрд. теңге сомасына 3 916 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландырған, соның ішінде Жетісу және Алматы облыстары бойынша 1,4 млрд. теңге сомасына 100 шаруашылық қаржыландырылды. Биыл егіс шығымы жақсы, алдағы бір аптада егіс жинау науқаны аяқталады деп күтілуде. Осы жылы күзгі-дала жұмыстарын жүргізуге шамамен 423,4 мың тонна дизель отыны бөлінді, оның бағасы нарықтағыдан 15%-20%-ға арзан, оның ішінде Жетісу облысына шамамен 6,8 мың тонна берілді.

2-бет



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

АӨСШК-ТІҢ VI САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ

Еңбектің мәртебесін көтеру Азияның әлемдік істердегі артып келе жатқан рөлін нығайтып, мүше мемлекеттердің өзара іс-әрекетін жаңа деңгейге шығарады, — деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның 2022-2024 жылдары жаңа мерзімге төрағалық ету туралы өтінішін қолдаған АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің бәріне алғыс айтты. Мемлекет басшысы еліміздің алдында маңызды міндеттер тұрғанына тоқталып, Кеңеске мүше мемлекеттердің тығыз ынтымақтастығы мен қолдауына сенім артатынын айтты.

— Бірінші, экономикалық өлшем. Өзара тұрақты байланыс жөніндегі АӨСШК Кеңесін құру дер кезінде қабылданған шешім деп санауымын. Жаһандық логистикалық тізбектердің үзілуі тиімді көлік-транзит дәліздерін қалыптастыруға жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Жүк тасымалының оңтайлы әрі қолжетімді жолдары — экономикамыздың тұрақты өсімінің маңызды факторы. Коммуникация мен жүктерді жеткізудің әртараптандырылған бағыттарын пысықтау арқылы көлік-транзит әлеуетін жүзеге асыруға баса мән беру маңызды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент АӨСШК-тің Қаржы саммитін тұрақты жұмыс істейтін алаңға айналдыруды ұсынды. Оның пікірінше, АӨСШК-ке мүше мемлекеттердің қаржы саласындағы ынтымақтастығын жаңадандыру үшін ҚХР-дың бұл бастамасының маңызы зор. Трансформация экономика- ны қалпына келтіруге, орнықты әрі инклюзивті дамуға, Кеңес аясындағы аймақтық және субаймақтық қаржылық ынтымақтастық үшін

қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Мемлекет басшысы экологиялық өлшем мәселесіне де ерекше назар аударды.

— Климаттың өзгеруі уақыт өткен сайын болжап білуі қиын, әрі зардабы ауыр табиғат апаттарына алып келеді. 2021 жылы Азияда мұндай жағдайлардан 57 миллион адам зардап шекті. 2050 жылға қарай Азия экономикасына осындай табиғи катаклизмдерден келетін ықтимал залал ЖІӨ-нің 26 пайызына дейін жетуі мүмкін. Таяуда Пәкістандағы жойқын су тасқыны орасан зор гуманитарлық апатқа ұшыратты. Осындай қиын кезде біз Пәкістан халқымен және үкіметімен бірге екенімізді тағы да дәлелдедік. Климаттық дағдарыс әскери қақтығыстарға алып келіп, алапат әрі басқаруға келмейтін миграциялық нөпірдің катализаторына айналуы мүмкін. Азия үшін экономиканы көміртегінен арылту — өте өзекті мәселе. Бұл міндетті шешу үшін бұрын-соңды болмаған көлемде инвестиция керек. Бір айдан кейін Мысырда климат жөніндегі COP27 конференциясы өтеді. Сонымен қатар АӨСШК-ке мүше елдердегі экология проблемалары бойынша 2024 жылы Астанада жоғары деңгейде конференция өткізуді ұсынамын. Аталған конференцияның нәтижелері экология саласындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі АӨСШК Кеңесін құруға негіз болады, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСШК кеңістігінде шын мәнінде жұмыс істейтін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін механизм қажет екеніне назар аударды.

— Азия өлемдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үштен бірін өндіргенімен, бұл саладағы олқылықтардан әлі де толық арыла қойған жоқ. Біз маңызды

өнімдердің ұлттық стандарттарға сәйкестігін бағалаудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеуіміз керек. Сондай-ақ тауарлардың бұл санаты үшін АӨСШК-ге мүше мемлекеттер арасында «жасыл дәліздер» ашуымыз қажет. Штаб-пәтері Астанада орналасқан азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымымен АӨСШК арасындағы ынтымақтастықты жолға қою перспективті болмақ. Сонымен қатар елдеріміздің ауыл шаруашылығы әлеуетін ескере отырып, біз мұқтаж елдерді азық-түлікпен және тыңайтқыштармен қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдай алар едік, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті адами өлшем, адами ресурстарды қорғау және дамыту басты назарда болу керек деп санайды.

— Биыл шілде айында Астанада Жастар кеңесі отырысының сәтті өткізілуі осы бағыттағы өзара іс-әрекеттердің келешегі зор болатынын дәлелдейді. Осыған байланысты 2024 жылы Астанада Жастар кеңесінің қолдауымен АӨСШК-ке мүше елдердің еріктілер қозғалысы көшбасшыларының слетін өткізуді ұсынамын. АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің жетекші университеттерінің серіктестік желісін құрудың да перспективасы зор. Осы желі арқылы IT, нанотехнология және жаңартылатын энергия көздері сияқты инновациялық салалардағы әзірлемелерді алмасуға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның АӨСШК-ні одан әрі дамытуға ниетті екенін тағы да нақтылады. Сондай-ақ кеңестің бірегей форматы мен географиясын ескере отырып, оның перспективалары мен болашағы зор екеніне сенім білдірді.

akorda.kz

Еңбектің мәртебесін көтеру Азияның әлемдік істердегі артып келе жатқан рөлін нығайтып, мүше мемлекеттердің өзара іс-әрекетін жаңа деңгейге шығарады, — деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның 2022-2024 жылдары жаңа мерзімге төрағалық ету туралы өтінішін қолдаған АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің бәріне алғыс айтты. Мемлекет басшысы еліміздің алдында маңызды міндеттер тұрғанына тоқталып, Кеңеске мүше мемлекеттердің тығыз ынтымақтастығы мен қолдауына сенім артатынын айтты.

— Бірінші, экономикалық өлшем. Өзара тұрақты байланыс жөніндегі АӨСШК Кеңесін құру дер кезінде қабылданған шешім деп санауымын. Жаһандық логистикалық тізбектердің үзілуі тиімді көлік-транзит дәліздерін қалыптастыруға жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Жүк тасымалының оңтайлы әрі қолжетімді жолдары — экономикамыздың тұрақты өсімінің маңызды факторы. Коммуникация мен жүктерді жеткізудің әртараптандырылған бағыттарын пысықтау арқылы көлік-транзит әлеуетін жүзеге асыруға баса мән беру маңызды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент АӨСШК-тің Қаржы саммитін тұрақты жұмыс істейтін алаңға айналдыруды ұсынды. Оның пікірінше, АӨСШК-ке мүше мемлекеттердің қаржы саласындағы ынтымақтастығын жаңадандыру үшін ҚХР-дың бұл бастамасының маңызы зор. Трансформация экономика- ны қалпына келтіруге, орнықты әрі инклюзивті дамуға, Кеңес аясындағы аймақтық және субаймақтық қаржылық ынтымақтастық үшін

ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫССЫЗДАРҒА

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ХАВАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ

ВАКАНСИЯЛАРҰСЫНУ ЖОСПАРЛАНУДА

Биыл 1 қазандағы жағдай бойынша 654 мыңға жуық адам жұмысқа орналасты. Барлық белсенді Ұлттық жобалар цифрландырылды, электрондық еңбек биржасында орналастырылған бос жұмыс орындарын толтыру деңгейі 87% құрайды.

Алдағы жылдары еңбек нарығын қолдау үшін Отбасының цифрлық картасын пайдалана отырып, жұмыспен қамту саласында белсенді қызметтер көрсетуге және жыл сайын кемінде 100 мың жасты оқыту, жұмысқа орналастыру және өз ісін ашу үшін мемлекеттік қолдау шараларымен қамту жоспарланған.

Аталған тақырып бойынша ұлттық экономика министрі Әлібек Қуаныров, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов баяндама жасады.

Премьер-Министр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдар мен барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысы жаңа жұмыс орындарын құру бойынша көрсеткіші негізінде бағаланатынын атап өтті.

«Еңбек нарығында қандай мамандыққа сұраныс көп, соған сәйкес жұмыс жүргізу қажет. Аса маңызды мәселе — халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамту», — деді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, биыл Ұлттық жобаларды іске асыру шеңберінде 269 мыңнан астам жұмыс орны құрылуы тиіс. Қазіргі уақытта 203 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты. Бірақ олардың 175 мыңы — уақытша жұмыс.

«Біз тұрақты жұмыс орындарын көбейтуге күш салуымыз керек. Ол үшін цифрлық технологияларға сүйену маңызды. Мемлекеттік органдардың жүйелерін толық интеграциялай отырып, жұмыспен қамту сервистерінің барлығын цифрландыру қажет», — деді Премьер-Министр.

Сондай-ақ ол Отбасының цифрлық картасы, Электрондық еңбек биржасы мен Жұмыс орындарын құрудың интеграцияланған картасын біріктіргеннен

кейін, жұмыссыз жүргендерге электрондық хабарламалар арқылы вакансиялар ұсынуға болатынын айтты.

«Жұмыссыздарға өтініш жазбай-ақ бос жұмыс орындарын ұсыну маңызды. Мұндай қызметтерді смартфон арқылы қолжетімді ету қажет», — деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министрдің айтуынша, жастарды жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдері мен механизмдерін енгізуге ерекше назар аудару керек. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңға жуық жастар шығады. Олардың жұмыс тәжірибесі жоқ.

Ол бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша NEET санатындағы жастардың саны Ұлытау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл және Алматы облыстарында көп екенін атап өтті. Ал, бұл өңірлерде мамандарға сұраныс көп.

«Аталған облыстардың әкімдіктері жастарды оқытып, жұмысқа орналастыру мәселесін жеке бақылауға алсын. Жастарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары туралы жеткілікті ақпараттық түсіндіру жұмысын күшейту қажет», — деді Премьер-Министр.

Отырысты қорытындылай келе, Әлихан Смайылов халықты жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді және оларды еңбек нарығын дамытудың кешенді жұмысының жобасына енгізуді, тиісті қызметтер көрсетуді автоматтандырып, қарау мерзімдерін қысқартуды тапсырды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері мен әкімдіктерге жұмыспен қамту саласының инфрақұрылымын жаңғыртуды қамтамасыз ету және жұмыспен қамту орталықтарының қызметін толық цифрландыру тапсырылды.

«Біз жұмыспен қамту идеологиясын, қоғамдағы еңбекке деген көзқарасты өзгертуіміз керек. Еңбек адамының оң имиджін, барлық кәсіптердің құндылығын қалыптастыру мәселелерін пысықтау қажет», — деді Әлихан Смайылов.

primeminister.kz

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ ӨТТІ



Ағымдағы жылдың 10 қазан күні аудан әкімінің орынбасары Ж.Әлімбековтың төрағалығымен «Балалар қауіпсіздігінің алдын алу, ата-ананың бала өміріне жауапкершілігі» тақырыбында аудандық ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналысқа аудандық прокуратура, аудандық полиция бөлімі, аудандық орталық аурухана, аудандық төтенше жағдай бөлімінің қызметкерлері, мектеп директорлары, мектептердің педагог-психологтары және білім беру мекемелерінің ата-аналары қатысты.

Күн тәртібінде 5 сұрақ тақырыпқа сәйкес қаралды:

1) «Кемелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама. Баяндамашы — Жомарт Сәрсенғалиұлы Сулейменов, Ескелді ауданы прокурорының орынбасары.

2) «Балалар қауіпсіздігі. Алдын алу шаралары» тақырыбында баяндама. Баяндамашы — Ескелді АПБ-нің ЖПҚБ-нің ювеналдық полиция тобының көмелетке толмағандар істері жөніндегі аға учаскелік полиция инспекторы, полиция

подполковнигі Алик Курманғалиевич Рахметов.

3) «Дені сау ұрпақ - дені сау ұлттың болашағы» аясында «Заманауи дерт - синтетикалық есірткі» тақырыбында баяндама.

Баяндамашы — Ескелді аудандық емханасының меңгерушісі Саят Қанатұлы Ткенбаев.

4) «Білім беру мекемелерінде төтенше жағдай орын алғанда мектеп қызметкерлері мен оқушылардың әрекет түрлері» тақырыбында баяндама. Баяндамашы — Аудандық төтенше жағдай бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Абылай Әбікнұлы Найзабеков.

5) Ата-ананың бала өміріндегі орны және жауапкершілігі. Баяндамашы — Мелькомбинат негізгі орта мектебінің педагог-психологі Касенова София Маратовна.

Әр қаралған мәселелер бойынша ата-аналар актуалды және маңызды сұрақтарын қойып, тікелей жауап ала алды.

ЖШ Ақпарат



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІ ЖЕТИСУЛЫҚ

ШАРУАЛАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ТІЛЕКТЕРІН ТЫҢДАП,

САУАЛДАРЫНА ЖАУАПБЕРДІ

Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауының арқасында қазіргі уақытта республикалық бюджетті нақтылау кезінде бюджет қаражатының қосымша бөлінуін ескере отырып, субсидиялаудың жалпы көлемі 451 млрд. теңгеден асады, бұл 2021 жылғы деңгейден 20%-ға артық. Бұдан бөлек, 2021 жылғы құрғақшылық қайталанған жағдайда мал мен құс басының сақталуын қамтамасыз ететін 279 мың тонна көлемінде астық-жем қорын қалыптастыру үшін форвардтық сатып алуға 20,0 млрд. теңге бөлінді, - деп атап өтті Е.Қарашөкеев.

Сонымен қатар министр биыл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау қолданыстағы субсидиялау қағидалары бойынша жүзеге асырылатынын атап өтті. Ал субсидиялаудың жаңа тетігін енгізу мерзімі 2023 жылғы 1 қаңтарға ауыстырылған. Қазіргі уақытта оның жаңа қағидаларының жобасы әзірленіп, жұмыс тобы аясында талқыланып жатыр.

Кездесу барысында шаруалар өздерін толғандырып жүрген бірқатар мәселелерді көтерді. Мәселен, Көксу ауданындағы «Кең Дала» шаруашылығының жетекшісі Қалибек Алпысбаев: «Келесі жылы қант қызылшасының егістік көлемін ұлғайтамыз деп отырмыз. Егістік көлемімен бірге өнімділікті де көтеруіміз керек. Ол үшін біз келесі жылғы егіске быылдан бастап дайындалуға тиіспіз. Аммофос туралы айтсақ, ол жер жыртардың алдында әр гектарға 300-500 келіге дейінгі көлемде қажет. Қазір аммофостың 1 тоннасының бағасы 204 мың теңге. Ал біздегі шаруашылықтардың көбі - ұсақ

шаруа қожалықтары. Бүгін соясын шауып, соның табысымен қант қызылшасын жинап жатыр. Ол қант қызылшасының ақшасын зауыттан алып болғанша ертең тоң түсіп кетеді. «ҚазАзот» компаниясының осыдан екі-үш жыл бұрын азотты 50%-ін субсидиялау жеңілдігімен беретін тәжірибесі болған. Сол сияқты «Қазфосфат» та осы тәжірибені пайдаланып, жеңілдік жасаса жақсы болар еді», - деді фермер.

Осы сауалға байланысты министр «Қазфосфаттың» мұндай жұмыс тәсілін өзінде қолайлы көрмей отырғанына тоқталды.

«Жуырда тыңайтқыш зауыттарының басшыларын жинап, сөйлесуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар индустрия министрлігіне ұсыныс дайындадық, Қазақстанда өндірілген тыңайтқыштарға квота қою керек, яғни кем дегенде өнімнің 50%-ы елдің ішкі нарығында қалсын деген ұсыныс білдірдік. Сол сияқты тыңайтқыштың бағасын реттеу мәселесі де қарастырылуда», - деді Е.Қарашөкеев.

Кербұлақ ауданындағы «Қызылшоқы» шаруашылығының басшысы Алдан Бекиев қант қызылшасын өсірушілерге техника жетіспейтінін, соған қажетті техниканың 50%-ын мемлекет арқылы субсидиялап берсе деген тілегін жеткізді.

Бұл ретте министр комбайн сатып алуға 50% субсидия төленетінін, оған биыл ботворез бен қызылша сепкішті қосу қарастырылып жатқанын айтты. Министр басқа ауыл шаруашылығы техникалары 25% субсидияланатынын айтты.

Жиында шаруалар сонымен бірге Көксу қант зауытының қызылша төтетін алаңын әлі де

кеңейту, ирригациялық жүйелерді жаңғырту, азот тыңайтқыштарын қолдану нормативтерін ұлғайту, мал дәрігерлерінің жалақысын көтеру сияқты көптеген ұсыныс-тілектерін білдірді. Сауалдардың барлығына толыққанды жауаптар берілді.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев бұған дейін Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасарлары өңірге бірнеше рет келіп, өзекті мәселелерді жай-жапсарымен танысып, проблемаларды бірге талқылағандарына тоқталды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі осыған дейін біздің қант қызылшасының субсидиясын өсіру туралы ұсыныстарымызды зерделеп, қарап, осы өтінішіміздің іске асырылуына зор қолдау көрсетті. Қызылшаның әр тоннасына берілетін субсидия зауыттың төлемімен қоса алғанда 40 мың теңгеге көтерілетін болады. Бүгінгі күні орта, шағын шаруашылықтар үшін субсидияны қолжетімді ету механизмдері қарастырылып жатыр. Расында, үкіметтен тиісті көмек-қолдаулар арта түсетін болса, біздің жетісулық шаруашылықтар өнімді еңбек ететініне, жақсы нәтиже көрсететініне сенімдімін. Бүгінгі кездесу ашық, еркін форматта өтті. Әрбір шаруаның үнін естідік, тілегін тыңдадық. Мұның бәрі тиісті деңгейде қарастырылып, тиімді қорытынды жасалады деп ойлаймын, - деді Б.Исабаев.

Жалпы облыста 2026 жылға дейін 28 млрд. теңгеден астам сомаға 51 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Биыл облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мақсатында 25 млрд. теңге бөлініп отыр, соның 92 пайызы қайтарымсыз субсидиялар.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ТОО «Ескелді елі» - собственник газеты «Жетісу шұғылысы» (далее - Газета) - информирует кандидатов, участвующих во внеочередных выборах Президента Республики Казахстан 20 ноября 2022 года, об условиях предоставления печатных площадей для размещения материалов предвыборной агитации.

ОБЩИЕ УСЛОВИЯ И ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ГАЗЕТОЙ ГАЗЕТНЫХ ПЛОЩАДЕЙ

Газета предоставляет печатные площади для размещения агитационных и информационных печатных материалов. Газета предоставляет печатные площади для размещения двух агитационных печатных материалов в объеме не более 540 кв. см. Предоставление печатных площадей Газетой осуществляется на основании заключенного с собственником Газеты письменного договора о предоставлении кандидату в президенты Республики Казахстан печатной площади для размещения печатных агитационных и информационных материалов. Форма договора и сопутствующих ему документов предоставляется при подаче нижеприведенного письменного обращения. Подписание кандидатом/доверенным лицом договора с Газетой о предоставлении печатных площадей является согласием кандидата/ доверенного лица на принятие от Газеты услуг, связанных с проведением предвыборной агитации.

Для заключения такого договора кандидат/доверенное лицо предоставляет собственнику Газеты письменное обращение с указанием следующей информации:

- 1) Регистрационный номер, дата и время письменного обращения;
- 2) Ф.И.О. кандидата/Ф.И.О. доверенного лица, подающего письменное обращение;
- 3) Документ, подтверждающий полномочия лица на подачу письменного обращения: удостоверение личности кандидата/ доверенного лица, удостоверение кандидата/доверенного лица, выданное уполномоченным государственным органом, иной документ в соответствии с законодательством РК;
- 4) Содержание письменного обращения с указанием планируемого объема занимаемой площади, вида агитационных печатных материалов;
- 5) Подпись кандидата либо доверенного лица.

Письменные заявления принимаются Газетой с 14 октября 2022 года по 17 ноября 2022 года включительно, кроме выходных и праздничных дней, с 10.00 до 18.00 часов (по времени г.Астаны), перерыв с 13.00 до 14.00 часов, по адресу: область Жетысу, Ескельдинский район, с.Карабулак, ул. Оразбекова, 31. К письменному обращению прилагаются копии документов, на которые в нем сделана ссылка.

Публикации должны содержать информацию об их оплате, ответственных лицах за выпуск материалов, источниках финансирования, фамилию лица, предоставившего информацию. Очередность размещения печатных материалов устанавливается Газетой в порядке поступления письменных обращений. В случае одновременного поступления обращений от нескольких кандидатов/доверенных лиц - в тот же день Газетой проводится жеребьевка. В жеребьевке участвуют кандидаты, опирающиеся на очередность размещения печатных материалов, либо доверенные лица, представляющие интересы кандидатов и представитель СМИ в качестве независимой стороны спора. Каждому кандидату/доверенному лицу предлагается выбрать по одному материалу/доверенному, в котором найдет место вложение с указанием даты размещения печатного материала. Количество конвертов равно количеству участников спора. По окончании жеребьевки участники спора и представитель СМИ подписывают протокол жеребьевки. Результаты жеребьевки (копия протокола) представляются в соответствующую избирательную комиссию.

ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ И ИНФОРМАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Агитационные печатные материалы предоставляются Газете в объеме, предусмотренном п. 3 ст. 28 Конституционного Закона РК «О выборах в Республике Казахстан», подписанные лицом, уполномоченным на подписание договора с собственником Газеты о предоставлении печатных площадей. Агитационные и информационные печатные материалы предоставляются Газете в виде модулей или статей. Агитационные и информационные печатные материалы предоставляются в Газету за 5 календарных дней до даты выхода Газеты. Газета вправе отказать в приеме агитационных и информационных печатных материалов в случае, если усмотрит в них провозглашение идей насильственного изменения конституционного строя, нарушения целостности Республики, подрыва безопасности государства, разжигания социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни, культа жестокости и насилия, а также создания не предусмотренных законодательством военизированных формирований и на иных основаниях, предусмотренных законодательством. Все материалы размещаются только на внутренних полосах газеты.

РАЗМЕР И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ ПЕЧАТНЫХ ПЛОЩАДЕЙ ГАЗЕТЫ

Размер оплаты за предоставление печатных площадей для размещения агитационных и информационных материалов составляет:

- 250 тенге за 1 кв. см размещения модуля на страницах с журналистскими публикациями, включая НДС;
- 250 тенге за 1 кв. см размещения статьи на страницах с журналистскими публикациями, включая НДС.

Оплата осуществляется на основании счета, выставленного Газетой, в течение 5 (пяти) банковских дней от даты выставления такого счета. Оплата осуществляется на банковские реквизиты Газеты, указанные в соответствующем договоре о предоставлении печатных площадей Газеты либо в счете.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІ ҚАЛАЛЫҚ «ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС» МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ



2022 жылғы 28 қыркүйекте ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті қалалық «Қоғамдық кеңес» мүшелерімен кездесті. Отырысқа облыс бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің алдын алу басқармасының басшысы Ермек Сұлтанқұлов, Талдықорған қаласының әкімі Әсет Масабаев, қалалық Қоғамдық кеңестің мүшелері, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, БАҚ қатысты. Отырыс барысында көптеген ұсыныстар айтылды. Қоғамдық кеңес мүшелері мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын салынып жатқан объектілерге қоғамдық бақылауды күшейтуді ұсынды. Соның ішінде Қаратал өзені арнасында құм-қиыршық тасты қазсыз өндіру мәселесі де бар. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың бірлескен жоспарын әзірлеу туралы шешім қабылданды. Естеріңізге сала кетейік, егер сізге сыбайлас жемқорлық фактілері белгілі болса, онда сіз тәулік бойы жұмыс істейтін 1424 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің Call-орталығына хабарласа аласыз.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МӘСЛИХАТЫНЫҢ ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

2022 жылдың 6-қазанында аудандық мәслихаттың кезекті отыз жетінші сессиясы өтті. Сессияға аудандық мәслихатқа сайланған 12 депутат қатысты. Сессияның жұмысына аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметов және сессияға шақырылған аудан әкімінің орынбасарлары, ауыл әкімдері, құқық қорғау органдарының басшылары, мекеме, ұжым басшылары қатысып, көкейкесті сауалдарын талқылады. Күн тәртібінде: Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы «Әкімдердің Мәслихаттар алдында есеп беруін өткізу туралы» № 19 Жарлығына сәйкес, Қоңыр ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген міндеттерін орындауы туралы аудандық мәслихат депутаттары алдындағы есебі. Баяндамашы: Арай Елубекұлы Құлахметов – Қоңыр ауылдық округінің әкімі. Аудандық «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы,



жөлаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» бөлімі басшысының 2022 жылы атқарған жалпы жұмыстары, жылу маусымына дайындық мәселесі және алдағы атқарылатын жұмыс жоспары туралы есебі. Баяндамашы: Жанас Жанайдарұлы Ертурғанов – «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жөлаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» бөлімінің басшысы. Сөз аудандық мәслихаттың депутаты Раушан Блисбекқызы Мейрбековаға беріліп, аудан әкімдігінің дербес құрамымен таныстырылды.

Ахметов Елдос Тұрсынбайұлы - аудан әкімі;
Әлімбек Жұмағұл Абдраманұлы - аудан әкімінің орынбасары;
Исабеков Айдын Ерболғанұлы - аудан әкімінің орынбасары;
Тулақбаев Болат Толымбекұлы - аудан әкімінің орынбасары;
Джолдыханов Жандос Бейсенбекұлы - аудан әкімі аппаратының басшысы;
Бейсекулова Гульмира Мукашевна - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы;
Қожахметов Қуат Рахметоллаұлы - аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы.

ЖШ Ақпарат

МЫ ЗА КАЗАХСТАН БЕЗ КОРРУПЦИИ!

Общественное Объединение «Амелия» совместно с ГУ «Отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района» и ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления Образования области Жетісу» в рамках проекта: «Организация и проведение мероприятий, в целях повышения правовой культуры среди населения и молодежи Ескельдинского района, профилактики коррупции и правонарушений в обществе, формирования «нулевой» терпимости к правонарушениям» проводят информационно-образовательные семинары в школах Ескельдинского района.



В ходе семинаров учащиеся старших классов получают информацию о том, что такое коррупция, узнают об ее разновидностях и как поступить правильно в случае столкновения с коррупцией.

Школьники проявляют большой интерес к данной теме, активно участвуют в обсуждении и задают интересующие вопросы. На встречах говорится о том, что коррупция это сложное социальное, экономическое и политическое явление, которое в той или иной степени затрагивает все страны, вне зависимости от уровня развития. Она замедляет экономическое развитие страны и подрывает государственные устои. Поэтому важно развить антикоррупционное мировоззрение

со школьной скамьи и сформировать комплекс знаний в коррупционных ситуациях, обеспечивающих поведение в соответствии с правовыми и морально-этическими нормами.

Юлия ЕГОРОВА

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ ҰЛТТЫҢ

ӘЛ-АУҚАТЫ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН!



Жетісу облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшылығы Жетісу облысы Денсаулық сақтау басқармасының мемлекеттік қызметшілерімен және оның аудандық бөлімшелерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаменті басшысының облыс бойынша бірінші орынбасары Тимур Темірәлиев Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды және қолда бар жекелеген нәтижелерді атап өтті. Картада халық үшін сезімтал және бюджеттің жоғалуы мүмкін салаларға төн салалар айқындалған.

Мысалы, 2022 жылы Талдықорған қалалық емханасында тік ішектің және тоқ ішектің катерлі ісігін ерте анықтауға арналған тексеру зерттеулерден 6380 адам өтуі тиіс еді. Алайда, мұндай зерттеу аяқталғанға дейін екі айдан аз уақыт қалғанына қарамастан - барлығы 2687 адам немесе 42%, Қаратал ауданы бойынша - 69%, Алакөл ауданы бойынша - 68% қамтылды. Облыстың басқа аудандарында да осындай жағдай орын алуда. Темірәлиев Тимур Сәбитұлы сондай-ақ, зерттеу аяқталғанға дейін екі айдан аз уақыт қалғанын ескере отырып, біріншіден, азаматтардың мемлекет кепілдік берген медициналық көмекті алмау қаупі бар екенін, екіншіден, ұйымдық көрсеткіштерді, әсіресе аудан орталықтары мен ауылдық округтерде "қуып жетуде" тіркеулер бойынша сыбайлас жемқорлық алғышарттары бар екенін атап өтті. Осыған байланысты, облыстың денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, сондай-ақ "Әділет жолы" ҚБ қолдауымен зерттеу жүргізу бойынша кең ауқымды акция ұйымдастырылды. Кездесу соңында Тимур Темірәлиев ұлттық әл-ауқаты мен денсаулығын қамтамасыз ету мемлекеттік аппарат қызметіндегі басты басымдық екенін атап өтті.

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫНА» ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР (ТӘРБИЕ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР)



Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі, өсіп келе жатқан жас ұрпақ білімінің тереңдігімен өлшенеді. Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп- ол балабақша. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал - мәтел, ертегілер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл – Балалар жылы» деп жариялады. Бұл дегеніміз биылғы жылы жас буынның тәрбиесі мен біліміне баса мән беріледі деген сөз. «Балапан» бөбекжай – бақшасында

да «2022 – Балалар жылына» байланысты түрлі іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ: «Дос болайық бәріміз» мерекелік ертеңгілік, «Өнерлі балалар-шаттық пен қуаныштың ордасы» ертеңгілігі, «Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар»отбасылар арасында спорттық жарыс, «Менің отбасымның дәстүрлері» отбасылық байқау, «Қош бол,сүйікті балабақшам!» ертеңгілігі, «Өнерлі бүлдіршін-ел болашағы!»аудандық көркем өнерпаздар байқауы өтті. Ескелді ауданында 1 маусым-Халқаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шара ұйымдастырылып,бүлдіршіндеріміз өз өнерлерін көрсетті. Балабақшамыздың жақсы жетістіктерге жетуі, әрбір тәрбиешінің өз еңбегінің нәтижесімен, жаңалығымен біліктілігі мен білімдерінің арқасы деп білеміз. Қорыта келе: салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те бақшаға барған баламен, бақшаға

бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын –адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де тағысын сол сияқты көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз. Сондықтан да бақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. «Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді» демекші алға қойған мақсатымыздың дұрыс және нәтижелі болуы біздің қолымызда. Айгерим ЖАНАЕВА, «Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тәрбиешісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл – Балалар жылы» деп жариялады. Бұл дегеніміз биылғы жылы жас буынның тәрбиесі мен біліміне баса мән беріледі деген сөз. «Балапан» бөбекжай – бақшасында



ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ- ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГ

Ұлт көшбасшысы–Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Біз қазір «білім – ғылым – инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз» деген еді. XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Ұрпағымыздың жарқын болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Технологияның дамып, шарықтап тұрған шағында ескеңе ұрпаққа не бере аламыз? Осы сұрақтар бізді жаңа замандағы жаңашыл педагог деген ұғымға әкеледі. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзпіссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы - мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс - тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан - жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасына өшпейтін із қалдырады. Баланы мектеп алды даярлау-үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен езектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік көшендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табууда. Осындай құралдардың бірі - мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Қазіргі заманғы Z буынды ұрпақтар ол- техника құралдарын ата-аналарынан әлдеқайда тез

меңгерген, материалдық молшылыққа, қалаған затының табылатындығына дағдыланған, сәби күнінен өзімен санасуды талап ететін, жасөспірім шағынан болашақ өміріне жоспар құрып үлгерген, сәтті, әдемі өмір сүруді мақсат қойған ұрпақтар.Енді біз жаңашыл педагог ретінде осы Z ұрпақты болашаққа дайындауда шығармашылық, сыни ойлау, қарым-қатынас және бірлесіп әрекет ету мәселелеріне назар аударатын дағдыларға дайындауымыз керек.Қазіргі заманғы балаларда «мен» ұғымы қалыптасқан, сондықтан «Бала үшін» тыңдай отырып, ұрпақ сұранысына қарай бейімделуіміз керек. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасуына дамуына жаңа әдіс-тәсілдермен жетуге болады. Оқыту және оқу тәжірибесіне жету үшін баламен жеке жұмыс жасағанда, баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін, тікелей бақылауға аламыз. Ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя білгенде, SMART мақсатқа жетуге болады. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, үнемі біліктілігін арттырып, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала мен оның қажеттіліктерін басты назарда ұстайтын білімді педагогтар ғана жұмыс істей алады.Демек алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында бүлдіршіндердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шығарына сеніміз мол!

Алмагуль ЧАНЧАРОВА,
«Жетісу облысының білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» балалар бақшасының «Еркетай» мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі

ОҚУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

Қазіргі таңда жан - жағымды әуен тыңдау түрінде жақты жетілген,білімді өтеді. Таңғы жиыннан кейін азамат дайындау – қоғам алдындағы үлкен міндет. Бала болашағымыз десек,сол балаға жүйелі білім беріп, ынта -ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілетін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен балабақшада педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс – тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік берді.Сондықтан оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізіп, оны тиімді пайдаланып,балаларға сапалы білім беру, жан – жақты дамыған бүлдіршіндерді тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз.Осы мақсатты іске асыру барысында біздің балабақшамызда жылдық перспективалық жоспар, апталық циклограмма, баланың даму мониторингі құрдық. Біздің балабақшада сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланып жұмыстанудамыз. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының ең басты өлшемі – оның тиімділігі баланың қызығушылығын арттырады, іскерлік дағдысы,ойлау белсенділігі,тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады. Яғни балаларды бірін – бірі сыйлауға, бір – бірінің сөзін тыңдауға, ынтымақтастықта болуға дағдыландырады. Әр жұмыс күні таңғы жиыннан басталады. Таңғы жиын балалардың ертеңгілік жаттығу жасау, бір – біріне тілек айту,

ұйымдастырудың маңыздылығы - бұл баланың мақсатын және міндеттерін шешетін ізденіс алаңы. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің басты міндеті балалардың эмоционалды жайлылық және психологиялық қорғаныс сезімін туғызу. Балабақшада бала өзін сүйкімді, әрі қайталанбас тұлға ретінде сезінуі тиіс. Сондықтан тәрбие процесі жүретін орта маңызды болып табылады.Осы мақалада балабақшадағы дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында тиіс ең маңызды сәттерге назар аударуға тырыстым. Біздің «Балапан» бөбекжай балабақшасында мектепке дейінгі баланың дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Тәрбиелеу мен оқытудың жаңа түрлерін қолдану,көп іздену, дайындалу, қосымша әдебиеттерді орынды қолдана білу әр тәрбиешінің негізгі мақсаты. Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым – қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен өзара іс – қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастыруымен тығыз байланысты.

Сания КУАТОВА,
«Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тәрбиешісі



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ОҚУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

Аңдатпа: Қазіргі таңдағы балабақша жүйесі күннен – күнге қолға алынууда. Балабақшада жұмыс атқаратын қызметкерлердің оқу бағытына деген міндеттерінің жүйесі айырықша. Соның ішінде әдіскердің ең басты педагогикалық міндеті ол балалардың оқуы мен тәрбиесі бойынша атқарылатын жұмыс бағыттары. Мектепке дейінгі әдіскер қызметінің негізгі оқу бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстары төменде көрсетілген.

-болжау;
-бақылау-түзету.
Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдіскер жеке қызметіне әртүрлі функциялық міндеттерді орындайды: ұйымдастырушылық, әдістемелік және әкімшілік.

Балабақша әдіскерінің ұйымдастырушылық функцияларына мыналар жатады:

- мектепке дейінгі білім беруде оқу-тәрбие үдерісінің жағдайын талқылау;
- балабақша жұмысын ұйымдастыруда табыс жағдайлары және сәтсіздік себептерін шығару;
- балабақшада баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларының жұмысын болжау;
- алдағы жұмыс мазмұны, формасы мен әдісін өңдеу;
- барлық педагогтар жұмысының нәтижесін талқылау анализі.

Мектепке дейінгі мекемедегі әдіскердің ұйымдастырушылық қыздырымы мақсатының бірі – баланың жеке тұлғасын қалыптастыру бойынша барлық педагогикалық процесс жұмысының тиімділігін және сапалылығын қамтамасыз ету.

Әдіскер деп – кәсіпқой, яғни, балабақшада оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушы бас маман иесі болып саналады.

Әдістемелік жұмыс үдерісінде әдіскердің басты жұмысы

төмендегідей көрсетілген:

- тәрбиешілердің педагогикалық біліктілігін арттыруды ұйымдастырады,
- педагогтардың шығармашылық дамуын ұйымдастыра алады,
- педагогтық жас мамандар жұмысын ұйымдастырады,
- қызметтегі әріптес мамандарының тәжірибесі мен шеберлігін зерттеумен айналысады,
- педагог мамандардың олардың жасаған жұмыстары мен жетістіктерін талқылап қорытады,
- балабақша педагогтарының дарындылығы мен кәсіби дағдыларының кеңірек ашу үшін барлық жағдайына көмектеседі.

Сонымен сөз соңында айтарым, балабақшадағы әдіскердің әкімшілік құрылымы өзінің күнделікті жұмысында басымдылық бола алмайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда әдіскердің - басты міндеті педагог жұмысының жүйелі оқу-тәрбие жүйесін құру бойынша әдістемелік және ұйымдастырушылық міндеттері мен мақсаттарын жүйелеу.

**Асем БУШЕН,
«Жетісу облысының білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» балалар бақшасының әдіскері**

Дәл қазіргі сәтте мектепке дейінгі ұйымдарда атқаратын әдіскердің басты екі мақсаты тұр.

Алғашқы мақсаты – балабақша балаларының физикалық сапасы және еңбек ете білуін дамыту, білім, дағды және танымның нақты жүйесін анықтау, өздерінің танымдық қажеттіліктері мен интеллектуалдық қызығушылықтарын қанағаттандыру, өз ақыл-ес мүмкіндігі мен тәуелділігін толық түрде ашуға мүмкіндік алу.

Енді екінші мақсатқа – әр баланы мәдениетке, адамгершілік, шығармашылық, белсенділік және әлеуметтілікке тәрбиелеу басты назарда. Екінші мақсаттың бұл түрі балабақшаның оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асады.

Әдіскер жұмысының міндеті осы міндеттер негізінде іске асырылады:

-диагностикалық;
-танымдық;

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Мемлекеттік қызмет көрсету дегеніміз - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Осының негізінде азаматтар мемлекеттің қызметіне толықтай тәуелді, яғни мемлекеттік қызмет көрсетуші органдардың басты мақсаты азаматтардың өмір сүруіне тиісті жағдай жасау.

Көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайлар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

Елбасы белгілеп берген міндеттердің маңыздылығын ескере отырып, ел

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алдымызға мемлекеттік қызмет саласын одан әрі дамыту бойынша нақты тапсырмалар берді.

Басым міндеттердің ішінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және оларға қолжетімділікті жақсарту, мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қолдау бойынша шаралар кешенін әзірлеу және Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру жұмыстары бар. Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесінің дамуы саяси, экономикалық және қоғамдық қатынастардың өзгеру үдерістерімен тығыз байланысты. Сондықтан біз жаңа жағдайларда мемлекеттік қызметтің тиімді жұмыс істеуі үшін елде болып жатқан барлық өзгерістерге нәміқрайлы қарамауымыз қажет.

көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық

маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

Яғни ендігі жерде мемлекеттік қызмет көрсету сапаты мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігін басты көрсеткіші болады және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде тікелей халыққа арналуы тиіс. Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

**Анар МАМЫРАЕВОВА,
«Жетісу облысының білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» балалар бақшасының «Еркетай» мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі**

БАЛАЛАР ЖЫЛЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

Аңдатпа: Мектепке дейінгі жас - бұл жеке тұлғаның қалыптасуындағы маңызды кезең, сондықтан қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім берудің мақсаты, белгілі бір білім көлемін қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның негізгі қабілеттерін, ерекшеліктерін оның әлеуметтік және мәдени дағдыларын, салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізі болып [1] табылады.

Біздің болашағымыз ол әрине, өсіп келе жатқан алдыңғы буынымыз, балабақша түлектерінің басты баспалдағында. Ал, олардың құқықтары мен заңды әлеуметтік саяси мүдделерін қорғау мына ересек тұлғалардың қолында. «2022 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Балалар жылы» [2] деп жариялады. Соның негізінде Елбасымыздың қолдауымен биыл балаларды қорғауға, сапалы біліммен қамтуға, мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайтуға, инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Елбасымыздың қолдауымен биыл бұған дейін ешқандай бұндай жоба қарастырылмаған, еліміздің ертеңі үшін Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жылды Балалар жылы» деп жариялап, оларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытындағы іс - шаралар басты назарға алынуы керек екенін айта отырып, өз тапсырмасын айтқан еді.

«Қарастырылып жарыққа шыққан, іс – шараның басты мақсаты – балалардың зияткерлік, физикалық, адамгершілік, рухани дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау арқылы олардың өмір сүру сапасын нығайтып, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету. Олар 7 бөлім бойынша 50 тармақтан тұрады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін 34 мыңнан аса орынға 322 балабақша ашу көзделген. Келеңсіздіктерге жол бермеу үшін әсіресе жекеменшік ұйымдарда қауіпсіздік шаралары күшейтіледі.

Күні кеше ғана Елбасымыз ұсынған, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерін 1,5 есеге ұлғайту туралы ұсынысты енгізу, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, туризмді насихаттау, сонымен бірге «Өжемнің ертегілері» онлайн жобасы қолға алынады.

7-бөлімінде яғни соңғы бөлімде «BALA_TIME.KZ» жобасы бойынша балалар мәселелері негізіндегі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын іске асыру қарастырылған. Балалар жылына арналған іс-шараларды ақпараттық қамтамасыз етудің медиа-жоспарын әзірлеу, балаларға арналған арнайы медиа өнімдерді шығару және тарату: деректі фильмдер, сериалдар, телешоулар, GIF-тер, әлеуметтік

желілердегі имидждік өнімдер, «Балапан» телеарнасындағы мультимедиялық және танымдық контентті көрсету және «Дана бала» www.danabala.kz балалар әдебиеті сайтының мазмұнын еліміздің қаламгерлерінің кітаптарымен толықтай енгізіліп толықты.

Сөз соңында, қорыта келе, балалар жылына арналған билығы іс-шаралар реті осылай. Мемлекет басшысы айтқандай, мұның бәрі жалаң ұран мен мерекелік шаралар деңгейінде қалып кетпесе, аталған жобалардың бәрі де балалардың, әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын жақсартуға, сапалы білім алып, балалардың креативті ойлауына, өздерін дамытуға ықпал етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров Республики Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования / Мовкебаева З.А. // Педагогика и психология. – 2013. - № 2 (15) – С. 6-11.

2. Қасым – Жомарт Тоқаевтың 2020 – жолдау бағдарламасынан.
**Рысқұл ТӨЛЕУБАЕВА,
«Жетісу облысының білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» балалар бақшасының «Айбөбек» кіші тобының тәрбиешісі**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Біз қазіргі таңда жаңа қоғамда өмір сүріп жатқан жайымыз бар. Осы жаңа қоғамның ең басты сипаты іскерлік екені сөзсіз. Сондай-ақ іскерлік жолындағы жетістіктеріміз аз емес. Алайда біз өмір сүріп жатқан қоғамда күрделі мәселелерде белең алуда. Қазіргі заманда түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселенің бірі-коррупция.

Елімізде сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен өсіп-өркендеуін, қоғамдық бәсекелестік болған өңірлерде тамырын кеңінен жайып, қазіргі таңға дейін жойылмай келе жатқан ауыр кеселдің бірі болып табылуда. Бұл ауыр кесел дамыған елдердегідей, біздің елімізге де қиында, орасан зор нұқсан келтіруде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның қазіргі таңдағы ең қиын мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сай, сыбайлас жемқорлықпен қарсы күресті барлық атаулы мемлекеттік органдар және қызмет атқаратын тұлғалар жүргізуі тиіс. Біздің елде сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқаттардың бірі емес. Қоғамдағы салауатты, таза ортаны шарпып, тыныс тіршілікті тарылтатын, азаматтардың жұмыс жасауларына қатер төндіретін дертті болдырмаудың негізі халықтың қолында. «Әділдік жоқ жерде пара белең алады»,

«Дүние байлық не керек, денсаулығың болмаса», «Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз заң саласында қызмет етіп келе жатқан қызметкерлердің де бағдары сияқты. Ел басы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сай жазаланасың» дейтін басты ереже бар.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте барлық жеке тұлғалар заң мен сот алдында тең жауапқа тартылады. Бірақта дейтін мәселе - жең ұшынан жалғасын тауып, көз қысты-бармақ басты қасиет табан ізімен қалмай келеді. Жемқорлықтың қарапайым мағынасы- лауазымы тұлғалар, саяси қызметкерлер мен мемлекеттік шенеуліктердің қызметтерінде сатқындық танытуы. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты мәселе әрқашан елбасымыздың назарында болады. Елбасымыздың Қазақ халқына арналған жолдауында «Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді, соған байланысты жемқорлықпен күресу-жалпы ұлттың міндеті» деген болатын.

**Талшын РАЙСОВА,
«Жетісу облысының білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» балалар бақшасының «Айбөбек» кіші тобының тәрбиешісі**

Мамандардың айтуынша, аталған портал арқылы мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезекке қоюды автоматтандыруға мүмкіндік бар. «Ведомстволық бағыныстағы мекемелердің орталықтандырылған деректер қоры» ақпараттық жүйе шеңберінде іске асырылады. Сондай-ақ, мектеп ке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін 7 жасқа дейінгі бүлдіршіндерді кезекке қою мемлекеттік қызметін автоматтандырады.

Негізгі артықшылықтары – ата-аналардың нақты уақытта порталда өтінішті тіркеу және білім бөлімі қызметкерлерінің тікелей қатысуынсыз мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жолдама алуына болады. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға тың жол ашпақ. Ең үлкен айырмашылықтардың бірі — енді белгілі бір балабақшаға бұрынғыдай кезек жоқ. Өтініш берушілер жас санатына сәйкес жаңа жүйе арқылы кезекке тұрады. Кезегі келген адам бос орындары бар балабақшаларды таңдайды. МДБҰ таңдаған кезде фото суреттерден және оның картадағы орналасқан жерінен көруге болады. Өтініш берушілерге осы жүйемен жұмыс істеу қолайлы болуы үшін смс хабарламалар мен электрондық поштаға хаттар түрінде түсетін хабарламалар функциясы бар. Бұл хабарламалар жұртты маңызды оқиғалар болған кезде, кезек келген кезде, хабарлама алу, жолдама алу, балабақшаларға тіркеу жұмыстарынан хабардар етеді. Ақын Сара ауылы «Балапан» бөбекжай – бақшасында да ата-аналар балаларына «E-ZHETYSU.KZ» порталы арқылы кезекке қойып, балабақшаға түркеуде.

**Ақмарал САРТБАЕВА,
«Балапан» бөбекжай – бақшасының тәрбиешісі,
Жетісу облысы, Ескелді ауданы**

ЕМХАНАЛАРҒА ТІРКЕЛУ НАУҚАНЫ - 2022



Осы жылдың 31 желтоқсанына дейін азаматтар бұрын бекітілген емханаларында медициналық қызмет түрлерін алуы жалғастырады. Алматы облысы бойынша бүгінгі таңда медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарына тіркелмеген азаматтар қажетті мамандардың кеңесі немесе лабораториялық медициналық көмекке толықтай қол жеткізу үшін тұрғылықты жері бойынша емханада немесе ЭЦҚ арқылы электрондық үкіметтің веб-порталында тіркелу мәртебесін тексеру ұсынылады.

Қыркүйектің 15-нен бастап елімізде емханаларға тіркелу науқаны басталады. Еліміздің әрбір азаматы екі ай ішінде, яғни 15-ші қарашаға дейін таңдау еркі бойынша медициналық ұйымдарға тіркелу мүмкіндігіне ие.

Тіркелу науқаны кезінде медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымына тіркелген азаматтар 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап медициналық көмек ала бастайды. Бұл ретте медициналық ұйым Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен келер жылға арналған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек қызметтерін көрсетуге шарт жасасуы тиіс. Әрбір тіркелген тұрғын үшін медициналық ұйымдарға ай сайын жан басына шаққандағы қаржыландыру төленеді. Сондықтан, дерекқордың көміл дұрыстығына Қор мүдделі.

Тіркеу науқаны денсаулық сақтау нысандарының дерекқорында тіркелген және тегін медициналық көмек пен ТМӨМС бойынша медициналық қызметті көрсететін ұйымдар арасында ғана жүргізілетінін атап өтеміз. Қормен келісім шарты бар емханалардың тізімімен www.fms.kz сайтында «Емхананы таңдау» бөлімінде танысуға болады.

Қазіргі таңда, денсаулық сақтау жүйесі және халық денсаулығы Кодексіне сәйкес, кез-келген консультативті диагностикалық көмекке (бейінді мамандардың кеңесі немесе лабораториялық-диагностикалық шаралар) қол жеткізу үшін телім дәрігерінің жолдамасы қажет. Сондықтан, медициналық көмекті жоспарлы түрде алу үшін, емханаға тіркелу мәселесі өте маңызды болып табылады.

«Бүгінгі таңда Алматы облысы бойынша 456 мыңнан астам адамда сақтандыру мәртебесі жоқ. Алайда, сақтандыру мәртебесіне қарамастан, барлық азаматтар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне құйыды. Бірақ, жоспарлы емдеуге жеткізу, бейінді мамандардың қабылдауы, қымбат тұратын тексерулерден өту және жоғары технологиялық ем алу үшін МӨМС жүйесінде сақтандырылған болуы қажет. Осыған орай, сақтандырылмаған тұрғындарымызды МӨМС жүйесіне енуіне шақырамыз», - деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Отарғалиев.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы облысы бойынша филиалы

АЛКОГОЛЬ ӨРТІҢ СЫЗЫҒЫ

Негізі қай халықты алып қарасақ та, ішімдік атаулығы, оның ішінде аса қылатын сусындарға мас жақындақты, оған берілуді жаман әдеттерден санап, оған тиым жасап отырған. Ал мұсылманда арақты ішуді харам істердің бірі санап, одан аулақ болуды парыз еткен. Бұл адамның адами қабілетін, адами келбетін сақтап қалуға арналған қадам болса керек. Өйткені, мас қылатын ішімдіктің кез-келген ең бастысы адамның бірінші санасын уласа, екінші оны адамгершіліктен жұрдай етіп, ар-намысын жер етеді. Яғни, адамдық келбетінен айырады.

қорғаштағаны аса асыл тәрбиелерінің бірі екендігі сөзсіз. Осымен бүгінгі күнге үңілсек, қазір ішімдік атаулығының дәуірінен жүріп тұрған бір кезең екендігі рас. Не ішемін, қандайын ішемін деп басты ауыртуға да тұрмайды. Ақшаңыз болса болды. Жариялық заманы сияқты, ішімдік атаулығы да бостандықтың жүріп тұр. Осының себебінен ішімдікке әуестенушілердің жыл сайын көбейіп бара жатқандығы ешкімге құпия да емес. Ең бастысы, денсаулықты құртып, адамның санасын улап, адамгершілік асыл қасиеттерінен жұрдай ететін ішімдік салынудың соңы қасіретті оқиғаларға да соқтырып жатады.

жұығы қылмыскердің мас күйінде орын алатындығы дәлелденді. Ал ТЖМ жүргізген талдау ақпараттар, жыл сайын елімізде өрте қазаға ұшырағандардың 80 пайызы олардың ішімдік ішудің арқасында болатындығын көрсетіп отыр. Ол қазалы жайыттардың барлығына дерлігі азаматтардың мас күйінде төсекте темекі шегулері түрінде болып тіркелген. Қарап отырғандарыңыздай, адам арақ ішкен мерзімде оның санасы уланып, не істеп, не қояы тежеліп, ойлау жүйесі, сақтану қабылеті төмендейді. Осының кесірі соңынан өрт шығарып, онда кінәлі адамның қаза табуына екепін соғады.

**Қ.ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ инженері
азаматтық қорғау
аға лейтенанты**

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ТҮСКЕН ЖАРНАЛАР 2,5 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

2022 жылдың қыркүйек айында Алматы облысы бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлердің аударымдары мен жарналарының жалпы сомасы 2,5 млрд теңгені құрады.

01-30 қыркүйек аралығында) 54,0 млрд теңгені құрады. “Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры” КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Отарғалиев атап өткендей, қаңтар айында Алматы облысы бойынша 1,37 млрд теңге жұмыс берушілердің аударымдары және 1,16 млрд теңге азаматтық-құқықтық сипаттағы шаралар

бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер мен тұлғалардың жарнасы болып саналады. МӨМС-ке келіп түскен барлық қаражат, сенімгерлік басқару шарты бойынша Ұлттық банкте сақталады және кейіннен МӨМС шеңберінде көрсетілетін қызметтерді төлеуге жіберіледі. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»

КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалы

ТУЛЯРЕМИЯ

Туляремия – это инфекционная болезнь, которая характеризуется природной очаговостью, вызывает воспалительные процессы в месте проникновения возбудителей, регионарные лимфадениты, лихорадку и общую интоксикацию организма. Возбудитель туляремии способен долгое время сохраняться в неблагоприятных условиях, поэтому при отсуствии лечения болезнь склонна к затяжному течению и перерастанию в хроническую форму.

В местах, где распространена туляремия, прививка обязательна для всего населения за исключением детей до 7 лет и лиц, у которых имеются противопоказания к вакцине. Первая прививка является однократной, повторную вакцинацию проводят через каждые 5 лет. Что касается определения неблагоприятных регионов. К их числу относятся территории, на которых были зарегистрированы случаи инфицирования туляремией, или же местности, где туляремийные антигены регулярно выделяются из объектов внешней среды. В остальных случаях вакцинация населения касается только лиц, относящихся к группам риска.

В качестве основных источников туляремии выступают водяные крысы, мыши, зайцы и прочие грызуны. Больные люди опасности не представляют, то есть, если у вас диагностирована туляремия, симптомы заболевания должны волновать только вас. Членам вашей семьи, коллегам по работе и близким друзьям туляремия не угрожает. Подхватить туляремию можно в тех случаях, когда бактериям открывается доступ внутрь организма через царапины и другие повреждения кожи или слизистых оболочек. Еще один распространенный путь заражения – употребление воды, загрязненной грызунами.

Сразу после проникновения в тело человека, возбудитель туляремии начинает усиленно размножаться и, рано или поздно, бактерии разносятся по всем органам и системам. Оседают они преимущественно в лимфатических узлах, печени, селезенке и легких. Если начинает развиваться туляремия, симптомы обычно проявляются через 3-6 дней. У пациентов внезапно повышается температура, появляются боли в мышцах, тошнота, головная боль. Заметим, что температура нередко достигает критических отметок, поэтому при диагнозе туляремия лечение должно начинаться сразу после постановки правильного диагноза.

Наиболее распространенная форма инфекции – кожно-бубонная туляремия, которая развивается вследствие поражений

кожного покрова.

Симптомы туляремии:

- появление гноящихся язв в месте проникновения бактерий;
- постоянный зуд в области поврежденных кожных покровов;
- увеличение лимфатических узлов (могут достигать в диаметре 5-9 см);
- нагноение лимфатических узлов с последующим разрывом очага и выделением густого, сливкообразного гноя.

Формы туляремии:

- глазоубонная туляремия – развивается вследствие проникновения возбудителей на конъюнктиву глаза;
- ангиозно-бубонная форма – обусловлена попаданием бактерий в рот человека. Признаки заболевания схожи с ангиной, но температура гораздо тяжелее – с высокой температурой, сильной лихорадкой и значительным увеличением шейных лимфоузлов;
- абдоминальная туляремия – сопровождается болями в животе, тошнотой, рвотой, открытыми кишечными кровотечениями (появляются не у всех пациентов). В данном случае симптомы инфекции схожи с аппендицитом, что затрудняет постановку правильного диагноза;
- легочная форма туляремии – обусловлена попаданием возбудителей в легкие. Болезнь протекает тяжело, сопровождается сильными болями в груди. Если у пациента диагностирована легочная туляремия, прививка является обязательным этапом лечения, поскольку существует реальная возможность развития серьезных осложнений (абсцессов) и необратимых деформаций легких.

Лечение туляремии:

Препаратами выбора при туляремии становятся антибиотики. Кожная форма туляремии не опасна для человека и может пройти сама, но специфическое лечение позволяет ускорить этот процесс, избавляет человека от созерцания некрасивых язвочек. Легочная форма вызывает куда более драматичные последствия и требует комплексного подхода с обязательным постоянным контролем за состоянием больного.

Профилактика туляремии заключается в плановой вакцинации населения. В группу риска попадают люди, проживающие в поймах рек, а также работники предприятий, специализирующихся на заготовке шкур ондатры, водяных крыс и зайцев.

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді аудандық СЭББ басшысы
Д.БЕКТЕНОВ,
жетекші маман**

ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

«Экстремизм» термині сөзбе-сөз (лат. Extre-mus – шеткі) шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығару ретінде анықталады. Экстремизм – әуақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс.

Ал «терроризм» ұғымына қатысты көптеген анықтамалар мен түсініктемелер болғандықтан, жұртшылыққа ортақ анықтама беру қиынға соғады. Алайда, оның «зорлық зомбылық», «қорқыныш пен үрей туғызушылық» және «кінәсіз адамдарға кесір тигізу» сынды басты белгілерін айқындай кетуге болады. Бұған негіздесек, терроризм «үкімет немесе қоғамды белгілі бір саяси талаптарды қабылдауға мәжбүрлеу мақсатында жүйелі түрде жасалатын қоқан лоқы мен зорлық зомбылық» деуге болады. Ендігі кезекте экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдарына тоқталайың.

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бүгінгі ғылым мен технологияның дамыған заманында баршамамызға ақпарат тарату құралдарының кең тараған түрі – ғаламтор желілері. Мұның пайдалану үрдістері де әртүрлі. Өйткені, бүгінгі жастардың

санасы мен психологиясы һәм тұрмыс-тіршілігі ғаламтор әлемімен тығыз байланысты екені белгілі. Осы ретте отандық дін ғалымдары ғылым мен білім, тағылым жолында іс жүзінде мешіт-медреселерде және өзге де діни орындарда уағыз-насихат жұмыстарын жүргізген уақытта радикалдық топтар ғаламтор желілері арқылы дәстүрлі емес, экстремистік идеологияларын таратуға кірісті. Осы орайда, жат ағымдардың интернет желілерін пайдалану тәсілдеріне тоқталғанымыз жөн. Жалпы террордың ұлтта да, діні де жоқ. Сол тұрғыдан мұсылман адамның террорист болуы өсте мүмкін емес.

Баланы қадағалау немесе әлеуметтік желілерге шектеу қою қалай жүзеге асады? 1) Әрбір ата-ана алдымен ғаламтор желілерін өзі пайдаланып, әрдайым баласымен тығыз байланыста болуы керек; 2) Баласынан әлеуметтік желідегі жеке аккаунтының құпия сөзі мен логинін алып, әрдайым кіріп қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бүгінгі ғылым мен технологияның дамыған заманында баршамамызға ақпарат тарату құралдарының кең тараған түрі – ғаламтор желілері. Мұның пайдалану үрдістері де әртүрлі. Өйткені, бүгінгі жастардың

қадағалау керек. Әдетте, жат ағымдар бірлестіктерге жастарды тіркеу арқылы идеология таратады; 6) Дін істері комитеті («Е-ислам») және ҚМДБ – («муфтият кз») қарамағындағы сенімді сайттар мен бірлестіктерге тіркеліп, ресми мекемелермен тығыз байланыс орнатқаның да артықшылықтары мол; 7) Дін мәселесінде сұрақтар туындаса, сенімсіз бірлестіктерден, яки, радикалды бағыттағы арбаушылардан сақтану керек; 8) Отандық ғалымдар, мамандар мен сарапшылармен байланыс орнатқан жөн; 9) Тек сенімді бірлестіктерге тіркелу қажет; 10) Кез-келген күдік туғызған сұрақтарды «Фатуа.кз», «Е-ислам» ресми сайттарына жолдап немесе 114 қауырт желісіне қоңыраушылып, анық жауабына көз жеткізген дұрыс. Тағы да айта кетейік, ғаламтордағы, әлеуметтік желілердегі ақпараттарға өте мұқият болып, кез келген мәселенің дұрыс-бұрысын анықтауда дін мамандарынан сұрауларыңызды өтінеміз!

**Гульнара СТАМБЕКОВА,
«Жетісу облысының білім басқармасының білім бөлімі» Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» балалар бақшасының «Құлыншақ» ортанғы тобының тәрбиешісі**

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ ЕСЕБІН ЖАРИЯЛАДЫ



2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша ҚР ҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдері

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызмет ашық болып табылады. enpf.kz сайтында «Көрсеткіштер – «Инвестициялық қызмет» бөлімінде ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін инвестициялауы туралы егжей-тегжейлі ақпарат, сондай-ақ, нақты кезеңдегі ахуал бойынша инвестициялық қызметке шолулар жарияланады. Қазіргі уақытта ақпарат 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша жаңартылды.

Көрсетілген есептерге сәйкес, 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 14,0 трлн теңге болды. Бұл ретте ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 13 965,12 млрд теңге, ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 9,13 млрд теңгеге жетті.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельі

2022 жылдың 1 қыркүйегінде ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған бағыттар шеңберінде ҚРҰБ (сенімгерлік басқарушы ретінде) инвестициялауының негізгі бағыттары былайша берілген:

- БЖЗҚ 3А портфельіндегі негізгі үлесті ағымдағы құны 6 235,81 млрд теңгені құрайтын ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ алады. Олардың портфельдегі үлесі 44,65%. 2022 жылғы 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша теңгеге номиналданған ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 11,3%, АҚШ долларында – жылына 3,4% болды.

- ҚР квазимемлекеттік ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 1 714,32 млрд теңге (портфельдегі үлесі – 12,28%). ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының теңгемем номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,9%, АҚШ долларымен жылына 5,5%.

- ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары 924,19 млрд теңге (6,62%). ҚР ЕДБ теңгеге номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік есепті күнге жылына 10,5%.

- шетелдік банктердің мемлекеттік бағалы қағаздары 704,12 млрд теңге болды. Олардың портфельдегі үлесі – 5,04%. Қаралып отырған кезеңде валюталық портфельдің кірістілігін қолдау мақсатында орташа алынған кірістілігі жылына 2,67% және өтеу мерзімі 1,8 айдан 2 айға дейінгі жалпы сомасы 500,89 млрд теңгеге шетелдік банктерде номиналданған салымдарға орналастырылды.

- халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары 378,85 млрд теңге. Олардың портфельдегі үлесі 2,71%. Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 9,47% болды.

Бұдан басқа, инвестициялық портфель құрылымында ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары 276,25 млрд теңге (портфельдегі үлесі 1,98%), РЕПО 250,09 (1,79%), ҚР ЕДБ-дағы депозиттер 201,23 млрд теңге (1,44%), шет мемлекеттердің МБҚ 140,80 (1,01%), ҚРҰБ депозиттері 31,20 млрд теңге (0,22%), ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары 15,04 млрд теңге

(0,11%), PPN 11,49 млрд теңге (0,08%), шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары 6,36 млрд теңге (0,05%), инвестициялық шоттардағы ақша қаражаты 5,30 млрд теңге (0,04%) және өзге активтер 21,42 млрд теңге (0,15%) бар. Айта кетейік, активтерді индекстік басқаруда 3 050,76 млрд теңге (портфельдегі үлесі 21,85%), оның ішінде құрылымда дамыған елдердің МБҚ, дамушы елдердің МБҚ және сыртқы басқарудағы активтер бар.

Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігіндегі инвестициялық портфель былайша берілген: ұлттық валютадағы инвестициялар – 69,34%, АҚШ долларында – 30,59%, басқа валютада-зейнетақы активтері портфельінің 0,07% құрады.

Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 2022 жылдың басынан бастап 718,05 млрд теңгені құрады.

Геосаяси ахуалдың шиеленісуі, жаһандық қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюі, инфляцияның жеделдеуі, сондай-ақ дамыған және дамушы елдердің облигациялары бойынша кірістіліктің өсуі аясында 2022 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 5,18% болды.

Бұл ретте 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін соңғы 12 айда (2021 жылғы қыркүйектен бастап 2022 жылғы тамызға дейін) зейнетақы активтерінің кірістілігі 8,58% - ды құрады. Зейнетақы активтерін шоғырландыру аяқталған 2014 жылғы сәуір айынан бастап 2022 жылғы тамыз айының соңына дейінгі кезеңде жинақталған кірістілік 113,16% -ды құрады. 2014 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі 8 жыл ішінде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылына 9,68% -ға жетті.

Айта кету керек, зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыстың мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезеңінде талдау орынды. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) – көрсеткіш бере алмайды, себебі нарықтық конъюнктураның үнемі өзгеріп отыруына байланысты.

Эмитенттерді көрсете отырып, ҚР ҰБ басқаруымен қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің егжей-тегжейлі құрылымы мен инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында орналастырылған. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда зейнетақы

жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік бар. ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 5-бабына сәйкес, мемлекет алушыларға зейнетақы төлемдеріне құқық алған кездегі инфляция деңгейін ескере отырып, БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген жарналар мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Инвестициялық портфельді басқарушылар **Басқарушы компанияларға берілген қаражаттың жалпы көлемі 9,13 млрд теңге.**

«Jusan Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 4,09 млрд теңгені құрады. Оларға мыналар сатып алынды: Exchange Traded Funds (ETF) пайлары, олар 30,95%-ды, ҚРҰБ ноттары (портфельдің 22,11%), ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ (17,34%), РЕПО (портфельдің 17,16%), инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат (12,44%). Айта кетейік, портфельдің 63,96% - ы теңгемем, 36,046%-ы АҚШ долларымен берілген.

Инвестициялық қызмет нәтижесінде «Jusan Invest» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің табыстылығы жыл басынан бері 1,49% болды.

«Jusan Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің толық құрылымы БЖЗҚ сайтында жарияланған. «Halyk Global Markets» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 2022 жылдың 1 қыркүйегіне 2,58 млрд теңгені құрады. Қоржын құрылымында кері Repo (90 күнтізбелік күннен артық емес) 51,73%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) 15,07%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары 9,53%, шоттардағы ақшалай қаражат - 8,85%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары 5,68%, МҚҰ 4,71%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары 4,45% болды. Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 78,26%, АҚШ долларында - 21,74% құрады. «Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің табыстылығы 01.01.2022 ж. бастап 01.09.2022 ж. дейін 0,11,19% құрады.

«Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің нақты құрылымы БЖЗҚ сайтында жарияланған.

«BCC Invest» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 1,49 млрд теңгені құрады. Олар ҚР Мемлекеттік облигацияларына 43,04%, пайларға (ETF индекстерге) 20,92%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары 9,64%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен

депозитарлық қолхаттары 8,61%, МҚҰ облигациялары 6,16%, ҚР ЕДБ облигациялары 5,38%, ҚР резидент эмитенттерінің корпоративтік облигациялары 5,10%, инвестициялық шоттардағы ақша қаражаты 1,04%, өзге активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) 0,11%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 70,16% - ы, АҚШ долларында 29,84% - ы инвестицияланған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде «BCC Invest» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі ағымдағы жылдың басынан бері 0,82% құрады.

«BCC Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің толық құрылымы БЖЗҚ сайтында жарияланған.

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша «Сентрас Секьюритиз» АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 0,97 млрд теңгені құрады. Олар ҚР ҚМ МБҚ-ға 53,89%, инвестициялық шоттардағы ақша қаражаты 19,39%, РЕПО 16,17%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары 8,73%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) 1,82% инвестицияланды.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 81,95%-ы, АҚШ долларында 18,05% - ы инвестицияланған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде «Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі 2022 жылдың басынан бері 2,07% құрады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің толық құрылымы БЖЗҚ сайтында жарияланған. Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып есептеледі.

Тақырып бойынша бейнеүсінідірме – сілтеме бойынша.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 15 МИЛЛИОННАН АСА ҮЗІНДІ КӨШІРМЕНІ ОНЛАЙН АЛДЫ

2022 жылдың басынан бастап 2022 жылдың 1 қыркүйегіне Брыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылар мен алушыларға 22,3 миллионнан астам қызмет көрсетті. Оның ішінде 15,2 млн-нан астам операция электронды форматта, шамамен 5,5 млн-ы – автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің шамамен 92,5% қашықтан алды.

БЖЗҚ салымшылары екі-үш батырманы басып-ақ жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме, ЖЗШ-ның бар-жоғы туралы анықтама алып, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өтініш беріп, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалап және т.б. қызмет түрлерін ала алады. Салымшылар үшін ең танымал қызмет – жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салымшылар онлайн форматта 15 миллионнан астам үзінді көшірме алды.

Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу – өтінішсіз қызмет көрсету форматында жүзеге асырылады. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна түскенде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлға МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электронды форматында көрсетілген дербес деректер арқылы сәйкестендіріледі. Салымшының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметті БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Осылайша, Қор салымшыларына шамамен 5,5 миллион қызмет автоматты түрде көрсетілді.

Кейбір қызметтерді алу үшін (мысалы, мұрагерлік бойынша немесе тұрақты тұрғына шетелге кетуге байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу) құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет, оны пошта арқылы немесе жеке өзі не БЖЗҚ кеңсесінде сенім білдірілген адам арқылы ұсынуға болады. Сонымен қатар, Қор мамандарына көзбе-көз жүгінуді әлі күнге дейін жөн көретін салымшылар да бар. Сондықтан жыл басынан бері БЖЗҚ бөлімшелері арқылы Қазақстан бойынша салымшылар мен алушыларға дәстүрлі түрде 1 миллионнан аса қызмет көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесін enpf.kz сайты немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы оңай табуға болады.

Көшпелі қызмет көрсету барысында шамамен 56,5 мың операция жүргізілді. Қордың мұндай қызмет көрсету түрі, ең алдымен, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын (мерзімсіз мүгедектігі бар 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектер) салымшыларға (алушылар) арналған.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде Қор салымшыларына зейнетақы қызметтерін ұсыну жөніндегі бірлескен жобасы аясында 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 347 пошта бөлімшесінде 7,5 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қор салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салымшылар мен алушылардан түрлі байланыс арналар арқылы түскен 612,2 мыңнан астам өтініш өңделді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары байланыс орталығына 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) хабарласып, сондай-ақ, enpf.kz корпоративтік сайты, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber мессенджерлеріндегі чат-бот арқылы, БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында ақыл-кеңес ала алады.

